

5 Қызметінде қырағылық танытқан



6 Әр үйде бір "орыс келін"



Сыр бойы

11 мамыр, сенбі 2024 жыл



№71-72 (20745-20746)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz
www.instagram.com/syrboyi_kz
t.me/syrboyi_kz
twitter.com/syrboyi

ЖЕҢІС – 79

МЫҢ ТАҒЗЫМ СІЗГЕ, МАЙДАНГЕР!

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «Тағзым» алаңында өткен «Ұлы Жеңіс – ұрпаққа аманат» атты салтанатты шараға қатысып, аймақ тұрғындарын құттықтады.



– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Біз бүгінгі бейбіт өміріміз үшін жеңімпаз аға буынға қарыздармыз. Олардың өшпес ерлігі – кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге. Майдангерлеріміз жан аямай қорғаған азаттық, әділдік, теңдік құндылықтары Әділетті Қазақстан үшін де мызғымас темірқазық болып қала береді» деп ерекше атап өткен болатын.

Соғыс жылдары Сыр өңірінен 70 мың азамат майданға аттанып, оның 30 мыңнан астамы қаза тапты, хабаршарсыз кетті. Биылғы Жеңіс мерекесін 4 майдангеріміз қарсы алуда. Екі ғасырдың алапат соғыстың куәгерлері, батыр аталарымызға барша Сыр жұртшылығы атынан амандық тілейміз, алдарыңызда бас иеміз, – деді аймақ басшысы.

Сұрапыл соғыс жылдары ерлік көрсеткен қаһармандар құрметіне бір минут үнсіздік жарияланып, ескерткішке гүл қойылды.

Еске салсақ, соғыста Сыр елінің 21 азаматы ерлігі мен қаһармандығы үшін Кеңес Одағының Батыры атанды, 20 мыңнан астам жауынгер орден-медалдармен марапатталды.

Бүгінде аймақта Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен оларға теңестірілген 3948 ардагер бар. Мерекеде барлығына бюджеттен біржолғы әлеуметтік қолдау көрсетілді. Ұлы Отан соғысының 4 ардагеріне 2 млн 500 мың теңгеден біржолғы әлеуметтік көмек төленді.

ЖАҢАҚОРҒАНДАҒЫ АЛМАБАҚ ЖАҢА ӘДІСПЕН СУАРЫЛАДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев ҚР Парламенті Сенатының депутаты Руслан Рүстемовпен бірге Жаңақорған ауданына жұмыс сапарымен барып, «Қыраш» ауылындағы су қоймасының және «Qaratau Fruits» алмабақ шаруашылығының жұмысымен танысты. Су қоймасы да, шаруа қожалығы да аталған ауылдық округтің тау беткейінде орналасқан.

1930 жылы салынған қойманың сыйымдылығы 2,5 млн текше метр, су көлемі 2,4 млн текше метр, жағдайы қанағаттанарлық.

Облыста 7 су қоймасы бар, олардың жобалық көлемі – 7,9 млн текше метр.

Алмабақ жобасының құны – 1,6 млрд теңге, 120 гектар жер қоршалып, оның 50 гектарына 65 мың түп алма ағашы классикалық әдіспен егілген. Тағы 30 гектарына 75 мың түп алма ағашы интенсивті әдіспен егілген және тамшылатып суарылады.

Оған қажетті 250 кВ трансформатор орнатылып, 6,5 шақырымнан электр желісі тартылған. Алмабақта тереңдігі 60 және 30 метр болатын 2 ұңғыма қазылған. Сағатына 50 текше метр су өлшемі 100x100, тереңдігі 4,5 метр биомембранамен жабдықталған бассейнге толтырылып, алма ағаштарына тамшылату арқылы беріледі.

Қазір мұнда 28 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Биыл гектарына 50 тоннадан өнім алу күтілуде.

«Қыраш» ауылының төменгі жағынан, «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» дәлізінің бойынан 3400 тонна жеміс-жидек, 1600 тонна көкөніс, жалпы 5000 тонналық өнім сақтау қоймасын салу 2024-2025 жылдарға жоспарлануда. Жоба құны – 2,5 млрд теңге.

Аймақ басшысы кәсіпкердің жұмысына сәттілік тілеп, шаруашылық ұжымымен әңгімелесті. Кәсіп иесі «Қыраш» ауылы мен бақ аралығындағы 8 шақырым жолды салу жөнінде өтініш білдірді. Нұрлыбек Машбекұлы жолға бюджеттен ақша бөлініп, қиыршық тас төселетінін жеткізді.



ҚОҒАМДЫҚ ЭТИКА ҚАЛАЙ ҚАЛЫПТАСАДЫ?

Мемлекет басшысы қоғамда жаңа этика қалыптастыру қажеттігін үнемі айтып келеді. Алайда азаматтарға қандай да бір құндылықты күшпен тану қиын, тіпті, мүмкін емесіне Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында арнайы тоқталған болатын. Президенттің сөзінше, қоғамдық этикаға келгенде заңдарды өзгерту жеткіліксіз.

«Жасампаздық рухының қоғамда терең орнығуы, ескірген қасаң қағидалар мен ел ішіне іріткі салатын жағымсыз әрекеттердің келмеске кетуі өте маңызды. Зиялы қауымның кейбір өкілдері, тіпті мемлекеттік қызметшілер де орынсыз байбалам салып, айналасын сынап-мінеуді әдетке айналдырды. Мұны доғару керек. Қоғамдағы өзекті мәселелерді талқылағанда байыпты болған жөн. Үнемі артқа қарайлап, өткен күнге өкпе арта беруге болмайды» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Өмірімізге кейінгі онжылдықтар шамасында енген осы бір сөз әу баста тансық еді. Грек тілінен аударғанда ethos – дағды, әдет-ғұрып деген мағынаны білдіретін этика сөзінің қазір еш бөтендігі жоқ. Жалпы түрлі ұғымда, түрлі тарапта қарастыра беруге болады. Ол қарапайым тілмен айтқанда – өмір қағидасы. Дегенмен күнделікті тіршілікте бұл ұғымды ұмыт қалдырып жүрген жоқпыз ба?

Қазір қандай да бір мәселені әлеуметтік желіде талқылауды әдетке айналдырдық. Желі деп қарағанмен, бұл да – қоғамдық орын. Онда да жеке бастың арнамысына тиетін сөз айтуға, біреуді балағаттауға тыйым салынған. Көпшілік интернетті заңмен қарастырылмайтын еркін аймақ деп ойлайды. Алайда олай емес. Елімізде желіде біреуге тіл тигізгеніңіз үшін қандай жауапкершілік қарастырылған?

3-бет

ДЕНСАУЛЫҚ

ТҮРКИЯДАҒЫ ТАҒЫЛЫМДАМА



Облыс әкімінің қолдауымен, Қазақстан Республикасының Стамбул қаласындағы бас консулы Аманқұл Нуриддиннің үйлестіруімен осы жылдың 15-27 сәуірі аралығында қызылордалық 10 реаниматолог, 5 кардиолог дәрігер "Memorial Sisli hastanesi" клиникасында екі апталық тағылымдамадан өтті.

Аталған клиника пациенттерге көрсететін медициналық қызметінің ауқымы және сапасы жөнінен Стамбулдағы ең озық мекемелердің бірі деп есептеледі. Деректерге қарағанда, әлемнің 90-нан астам елінің азаматтары осы клиникада емделеді екен. Қызылордалық дәрігерлер біліктілік арттыру курсы аяқтап, сертификат алды. Мамандар жинаған тәжірибесін тұрғындарға медициналық қызмет көрсету барысында қолданбақ.

Айта кетейік, өңірде денсаулық сақтау саласының инфрақұрылымын нығайтуда, маман тапшылығы мәселесін шешуде ауқымды жұмыстар атқарылууда.

Алыс-жақын шетелдерде біліктілігін арттырған дәрігерлер инновациялық емдеу тәсілдерін облыс медицинасына енгізуде. Алдағы уақытта жетекші клиника дәрігерлерінің шеберлік кластарын ұйымдастыру арқылы да мамандар біліктілігін шыңдау жоспарда бар.

МӘСЕЛЕ

ТІРШІЛІК КӨЗІН ДҰРЫС ТҰТЫНЫП ЖҮРМІЗ БЕ?

Жаз жақындап, бақша егу маусымы басталғанда Қызылордада ауызсу өзекті мәселенің бірі болуы дәстүрге айналған. Жыл сайын дәл осы уақытта қала тұрғындары ауызсу сапасына жиі сын айтады. Әлеуметтік желі қолданушылары да кейінгі уақытта судың сапасына наразылық білдіреді.

Олардың айтуынша, ауызсу құбырынан кәдімгі қоңыр түсті су ағады екен. Бұл суды, әрине, пайдалану мүмкін емес болғандықтан, оны тазарар деген үмітпен ағзып қоюға мәжбүр. Одан бөлек, судың қысымы төмен,

жоғарғы қабаттарға көтерілмейді. Тұрғындар арнайы құрылғы көмегімен мұнда су ақпай қалатынына да наразы.

Мәселеге қатысты облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы

басқармасы басшысының орынбасары Бауыржан Ізмағамбетов жауап берді. Айтуынша, су сапасы жалпы Қазақстан Республикасында бекітілген стандарттарға сәйкес. Қызылорда қаласын «Қызылорда су жүйесі» мекемесі ауызсумен қамтамасыз етеді. Сапа кәсіпорынның базалық зертханасында күнделікті бақыланып, талданып отырады.

3-бет

Валюта бағамы \$ 439,43 kzt

€ 473,31 kzt

₸ 4,82 kzt

Ауа райы ☀️ +22° +24°

☀️ +26° +28°

/// НАЗАРДАҒЫ НЫСАН

САПА МЕН МЕРЗІМ: ТАЛАП САҚТАЛУЫ ТИІС



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қызылорда қаласы аумағындағы бірқатар нысанды аралап, жұмыс барысын көрді.

Ең алдымен «Болат Өтемұратов қорының» қолдауымен салынған «Қорқыт Ата» әуежайының жаңа терминалына барды. Халықаралық талаптарға сай келетін жаңа терминалда ішкі және халықаралық рейстерге, транзиттік жолаушыларға арналған залдар, СІР-зал, жүкті автоматты түрде беру жүйесі, «Duty Free» аймағы, сауда нүктелері, мелпункт, кафе, ғибадат ету, жүк сақтау, ана мен бала бөлмелері бар. Екі қабатты ғимараттың сыйымдылығы – 250 адам, төлқұжат бақылайтын 10 кабина қызмет етеді. Нысан таяуда ел игілігіне табысталмақ. Жобаға бағытталған 20 млрд теңгенің 15 млрд 700 млн теңгесі «Болат Өтемұратов қорынан» бөлінген. Жергілікті бюджеттің 4 млрд 300 млн теңге қаржысы инфрақұрылымды дамытуға, абаттандыруға, яғни жылу, су, электр, телефон және кәріз желілерін, автожол жүргізуге жұмсалды.

Қазір әуежай және оған іргелес аумақ абаттандырылуда. Осы аумаққа 615 шаршы метр гранит жабыны, 16,2 шаршы метр асфальт, 4038 шаршы метр кеспетас және 3630 шаршы метр қиыршық тас төселетін болады. «Қызылорда қаласындағы әуежайдың іргелес аумағын абаттандыру құрылысы» жобасына 634 050 млн теңге бөлініп, 4 жолақты, ұзындығы 480 метр, әр жолақтың ені 3,5 метр болатын жол салынууда.

Әрі қарай облыс әкімі «Қызылорда» су торабындағы су шаруашылығы жағдайымен танысты. Тораптың су өткізу қабілеті – секундтына 1200 текше метр, жобалық алаңы – 120 мың гектар. Қазіргі уақытта вегетациялық кезеңнің басталуына орай облыс аумағындағы каналдар арқылы егіс алқаптарына су беріледі. Сәуірдің 20-нан күріш себу, суға бастыру жұмыстары басталды. Бүгінде облыс бойынша 27 мың гектарға күріш себіліп, оның 19,5 гектары суға бастырылды. Каналдарды сумен қамтамасыз ету жоспарлы түрде жүргізілуде.

Сонымен қатар аймақ басшысы жаңа жылу-электр орталығының құрылыс алаңына барды. Инвестор қолдауымен бой көтерген орталықтың қуаттылығы – 240 МВт, бас мердігері – «Интер таско» ЖШС.

Нысандарды аралау қорытындысында облыс

әкімі жауапты сала басшыларына нақты тапсырмалар жүктеп, алдағы міндеттерді айқындады.

– Бүгінде Президентіміздің, Үкіметтің Сыр өңірін ерекше қолдауының арқасында аймағымызда нәтижелі жұмыстар жүргізілуде. Халық игілігіне арналған жаңа ғимараттар бой көтерді. Ең бастысы, құрылысты сапалы етіп салып, уақытылы аяқтау қажет.

Қазіргі күн тәртібіндегі басты мәселенің бірі – егін алқаптарын сумен қамтамасыз ету. Суармалы жердің көлемін, егілетін дақылдардың түрін, суару нормаларын сақтау қажет. Суды үнемдеп пайдалану және егін егу талаптары назардан тыс қалмауы тиіс, – деді облыс әкімі.

Одан әрі аймақ басшысы «Orda Glass Ltd»

теңге болатын 19 млн шаршы метр шыны өндірілді. Оның 70%-ы ел ішінде сатылды, 30%-ы Ресейге, Өзбекстанға, Қырғызстанға және Тәжікстанға экспортталды.

Аймақ басшысы зауыт жанынан жаңа өндірістер ашу мәселесін пысықтап, өңірге инвесторлар тарту бойынша кешенді шараларды қолға алуды тапсырды.

Облыс әкімі Қызылорда қаласындағы Сырдария өзенінің сол жағалауынан «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында бой көтерген білім ошағы құрылысымен танысты.

Өткен жылы құрылысы басталған мектеп 900 орындық, бас мердігер – «Дәнекер» ЖШС. Үш қабатты ғимаратты салуға республикалық бюджеттен 5,01 млрд теңге бөлінді, мектеп биыл пайдалануға берілмек.

Аймақ басшысы құрылыс сапасына айрықша мән беруді ескертіп, жауапты мекемелерге жұмыс барысын тұрақты қадағалауды тапсырды.

Айта кетейік, биыл өңірде жаңадан 15 мектеп және 4 мектепке қосымша құрылыс салынып, пайдалануға беріледі. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасымен 12 300 орынға лайықталған 21 мектеп, «Білім беру инфрақұрылымын қолдау» қоры арқылы 7 млрд 900 млн теңгеге дарынды балаларға арналған 400 орындық физика-математика бағытындағы мектеп-интернат, Шиелі ауданында 988 млн теңгеге 100 орындық және Жанакорған ауданында жергілікті бюджет есебінен 926 млн теңгеге 150 орындық мектеп салынууда. Арал ауданы Тоқабай ауылындағы апатты мектеп және «Ақшатау» ауылындағы бастауыш мектептің жаңа ғимараты жеке инвесторлардың демеушілігімен бой көтеруде. Бұдан бөлек, «Білім беру инфрақұрылымын қолдау» қоры арқылы Шиелі, Жанакорғандағы, жергілікті бюджет есебінен Қызылорда қаласы мен Қармақшы ауданындағы мектептер жанынан қосымша құрылыстар жүргізілуде.

Балалардың қосымша білім алуына оңтайлы мүмкіндік жасау үшін «ҚазГЕРМұнай» компаниясының демеушілігімен 2 млрд 300 млн



Суреттерді түсірген Бағдат Есжанов

ЖШС шыны зауытының жұмысымен танысты.

2022 жылдың қазан айында ашылған зауыт табақша шыны шығарумен айналысады. Жоба құны – 42,1 млрд теңге, кәсіпорынның қуаттылығы – жылына 197,1 мың тонна. Мұнда 370 адам тұрақты жұмыспен қамтылған.

Зауыт іске қосылғаннан бері құны 23,9 млрд

теңгеге 350 орындық заманауи «Оқушылар сарайы», жергілікті бюджет есебінен Жанакорған ауданында 200 орындық «Оқушылар үйі» және 50 орындық «Өнер мектебі» салынууда.

Нысандар жаңа оқу жылы қарсаңында ел игілігіне табысталады.



ҚАРТТАРҒА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТТІ

Бейбіт заманда қамсыз өмір сүріп жатқанымыз – ардагерлердің арқасы. Ұлы Отан соғысы жылдары ел үшін, ұрпақ үшін жан аямаған қарттарға қандай құрмет көрсетсе де жарасады.

Облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев мереке қарсаңында ардагерлермен кездесті.

– Біз – қай заманда да қартын құрмет тұтқан халықтың ұрпағымыз. Сіздердің жүріп өткен жолдарыңыз – кейінгіге үлгі-өнеге. Еңбек адамы елеусіз қалмайды. Ел ықыласына бөленіп, қазыналы қартқа айналдыңыздар. Адам баласының аласармас биігі осы деп білемін. Мереке құтты болсын! – деді ол.

Кездесуде тыл ардагері Байсерке Райымқұлов пен еңбек ардагері Қайып Сүлейменовке Қызылорда облысының Құр-

метті ардагері төсбелгісін табыстады.

Байсерке Райымқұлов ұзақ жыл денсаулық сақтау саласында еңбек еткен. Жұбайы Орынша Кемелбекова екеуі – 7 баладан 10 немере, 11 шөбере сүйіп, ұрпақ қызығына кенеліп отырған шуақты шаңырақтың басшысы.

Қайып Сүлейменов – өмірін еңбекпен өрнектеген ардагер. 1937 жылы Арал ауданында дүниеге келген. Ол адамды мұрағатна жеткізетін адалдық екенін айтады.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ,
«Сыр бойы»



/// ЖЕҢІС – 79

АҒА БУЫННЫҢ ДАҢҚТЫ ЖОЛЫ – өскелең ұрпаққа ҮЛГІ

Жеңіс күні қарсаңында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Ұлы Отан соғысының ардагерлері Төлеген Жүнісовтің және Әбдірахман Бәйтқовтің үйіне арнайы барып, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың құттықтауын табыстады.

«Біз Отан үшін от кешкен аға буынның ерен ерлігі мен еселі еңбегінің арқасында бейбіт заманда өмір сүріп жатырмыз. Өскелең ұрпақ ардагерлеріміздің даңқты жолы мен қаһармандық шежіресін үнемі үлгі тұтады» делінген Президент құттықтауында. Ардагерлерге құрмет көрсетуге облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тілеуімбетов, облыстық қоғамдық кеңес төрағасы Әріп Хожбанов, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев та барды.



Төлеген Жүнісовты 1942 жылы қызыл әскер қатарына қабылданып, Украинаны жаудан азат етуде ерліктің ерекше үлгісін көрсетті. Берлинге дейін жеткен майдангер жеңістен кейін елге қайтарылмай, патрульдік қызмет атқарған. 1946 жылы елге оралған соң өз ауылында бейбіт еңбекке араласты. Теміржол саласында жол монтері болды. 1983 жылы зейнет демалысына шыққанға дейін Қызылорда белгі беру және байланыс дистанциясында еңбек етті.

Жауынгерлік ерлігі үшін «I дәрежелі Ұлы Отан соғысы» орденімен, «Германияны жеңгені үшін», «За боевые заслуги», «За отвагу», «КСРО қарулы күштеріне – 60 жыл», «КСРО қарулы күштеріне – 70 жыл» және бейбіт күнде «Еңбек ардагері», «Астанаға – 10 жыл» медальдарымен марапатталған. Бүгінде ақсақал – 2 қыз, 1 ұлынан тараған 8 немере, 2 шөберенің атасы.

Облыс әкімі ізгі тілегін жеткізіп, ардагерге сый-сияпат көрсетті. Аға ұрпақтың егемен еліміздің өсіп-өркендеуіндегі ерекше рөлін атап өтті.



Әбдірахман Бәйтқұлы 1942 жылы Ашхабад қаласындағы командирлер дайындайтын курсқа түсіп, оны аяқтамастан майданға аттанған. 1943 жылы Курск доғасында ауыр жаракат алып, II топ мүгедегі болып, 1944 жылы 20 жасында елге оралған.

ҰОС жылдарындағы көрсеткен ерлігі үшін Кеңес Одағының маршалы Г.Жуковтің II дәрежелі медалімен, «Қарулы күштердің 50 жылдығы» орденімен, «Жеңіске 20, 30, 40, 55, 65, 70, 75 жыл», тағы да бірнеше медальмен марапатталды.

1944 жылы соғыстан оралған соң «Кооператор» (кейінгі атауы «Комсомол») колхозының қой шаруашылығында учетчик, есепші және зейнет жасына дейін бригадир болып жұмыс атқарған. Бүгінгі күні 10 баладан тараған 30 немере, 35 шөберенің атасы.

Айта кетейік, Жеңістің 79 жылдығына облыста арнайы іс-шаралар жоспары бекітілді. Онда мерекелік құттықтаулар, қайырымдылық, әлеуметтік-тұрмыстық көмек көрсету шаралары қамтылған. Бүгінде аймағымызда Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен оларға теңестірілген 3948 ардагер бар. Мереке қарсаңында бюджеттен біржолғы әлеуметтік қолдау көрсетілді. Облыстағы Ұлы Отан соғысының 4 ардагеріне 2 млн 510 мың теңгеден біржолғы әлеуметтік көмек төленді.

Облыс әкімінің
баспасөз қызметі

ҚОҒАМДЫҚ ЭТИКА ҚАЛАЙ ҚАЛЫПТАСАДЫ?

Байқасаңыз, желіде ойланбай сөйлеп, от басқандардың қатары көбеюде. Олардың арасында өзге біреуді қаралап, былапыт сөздер жазып, жазықсыз күйе жағып жататындар да жоқ емес. Олар заң алдында жауап беретіндерінен хабарсыз. Халқымыз мұндайда «Аңдамай сөйлеген, ауырмай өледі» деп дөп басып айтқан. Мәселен, Қылмыстық кодекстің бойынша 130-бап – жала жабу, яғни, басқа адамның ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін немесе оның беделін түсіретін жалған мәліметтер тарату. Бұл жерде әлдепіз әрі балағат сөздерді адамның жеке басына ауызша айтылуы немесе хат жазуын айтып отырмыз. Егер осы бап бойынша шағым түссе, алдымен арнайы лингвистикалық топ анықтап, зерттейді. Адамды балағаттап, қорлағаны үшін айыппұл салынады немесе 120 сағаттық қоғамдық жұмыспен өтеуі тиіс. Ал егер әлеуметтік желіде не болмаса ортақ чатта белгілі бір адамды балағаттап, көңіліне тиетін сөз жазылса, 131-баптың екінші белгісіне сәйкес айыппұл салынады. Оны төлей алмаса, 180 сағат қоғамдық түзету жұмыстарымен өтейді. Негізі адамның жеке және отбасылық құпияларын заңсыз жария ету 147-бап бойынша қарастырылады. Өзінің лауазымын пайдалана отырып, жеке адам немесе оның

отбасы жайында мәліметтер жинап, отбасының құпиясын бұзғаны үшін 5 жыл түрме жазасына кесіледі. Мұндай қылмыс жасаған азаматтар сол лауазымды 2-5 жыл уақытқа дейін атқара алмайды. Ал құпияны жинап қана қоймай, оны әлеуметтік желі арқылы жария еткені үшін 7 жылға сотталуы әбден мүмкін.

Мәселен, бір жылдары Солтүстік Қазақстан облысының 22 жастағы тұрғыны әлеуметтік желіде ұлтаралық шиеленіс тудырды деген күдікпен 3 жылға сотталған. Еліміздің тағы бір тұрғыны «Қазақстанды Ресейге қайта қосу керек» деген жазбасы үшін 5,5 жылға сотталған болатын. Қылмыстық кодекстің 174-бабы бойынша әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік немесе діни араздықты қоздыруға, азаматтардың ұлттық ар-намысы мен қадір-қасиетін не діни сезімдерін қорлауға бағытталған қасақана іс-әрекеттер жасаған адам 2 жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына не 7 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айырылады.

Жуырда ғана 21 жастағы азаматша TikTok желісінде қазақ тіліне деген жеккөрушілігін көрсеткен. Ол қазақ тілін ұнатпайтынын және «ол мәмбеттер тілі екенін, мәмбеттердің кесірінен Абай көшесінде кептеліс болатынын» айтқан. Қыздың сөзінше, Алматыда ешкім қазақша сөйлемейді.

Оның айтқаны желіге тарап, полиция департаменті іс қозғап, сөздері сараптамаға жіберілді. «Мен қазақ тілін ұнатпаймын, шынымды айтсам, бұл – мәмбеттер тілі» деген сөз тіркестерінде қазақ ұлтын тілдік негізде кемсітетін баға бар және бұл қоғамдық мораль нормаларын бұзады. Мұндай мәлімдемелер қазақ ұлты өкілдерінің ар-намысы мен қадір-қасиетіне қатысты қорлау болып саналады. Осында ұлттық араздықты немесе алауыздықты қоздыру белгілері бар» делінген сараптама қорытындысында.

Азаматша желі қолданушысы оны осыған жеткізгенін және ашуына тигенін айтып ақталды. Енді ол Қылмыстық кодекстің 174-бабы «Әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, таптық немесе діни араздықты қоздыру» бойынша сотталып, екі жыл жазасын өтейді. Жалпы, заң жүзінде қаншама тыйым салып, айыппұлды көбейтіп жатса да сана өзгермей, қоғам өзгермейтініне күнделікті өмірдегі осындай мысалдар дәлел болады.

Сонымен қоғамдық этиканы қалыптастыруда не істеуіміз керек? Ақыл айтудан аулақпыз. Алайда бір нәрсені естен шығармасак игі. Ол – біздің ата-бабамыздың жүрген жолы. Этика сөзі өмірімізге кейінгі кезде жана форматта енгенімен, ол біздің ұлттық құндылықтарымызда айрықша көрінеді. Қай кезде де, қай заманда да адалдық, бауыр-

малдық, жанашырлық, азаматтық, қарапайымдылық, ар-ұят тәрізді қасиеттер жоғары бағаланады емес пе? Әсіресе, қазақ ар-ұжданға қатысты бір ауыз сөзбен түйіндеген. Сөздің төркінін түсінетін жанға бұл нағыз тәрбие құралы, мәдениетті адамға айналудың бағдаршамы десек қателеспейміз.

Айталық, «Біреудің ала жібін аттама», «Жарлы болсаң да, арлы бол», «Өлімнен ұят күшті», «Қолыңмен істегеніңді мойныңмен көтер» деп ұятты бірінші орынға қояды. Ұят туралы ұлыларымыз да айтып кеткен. Хакім Абай атамыз отыз алтыншы кара сөзінде: «Кімнің ұяты жоқ болса, оның иманы да жоқ» деген. Халық жазушысы Әзілхан Нұршайықов: «Мен ұят деген сөзді өте жоғары бағалаймын. Ұят дегенді ұлы күш деп ойлаймын. Адамшылықтың, адалдықтың, уәдешіліктің, тұрақтылықтың, тазалықтың түп жоктан шығады. Ұят – ең қымбат қасиет, ұяттыда иман бар» деген екен. Олай болса, мәдениетті қоғам әрбір адамнан басталып, ол ұлттық құндылықтар арқылы іс-әрекеттерімізден көрініс табуы тиіс.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»

ТІРШІЛІК КӨЗІН ДҰРЫС ТҰТЫНЫП ЖҮРМІЗ БЕ?

– Облыс орталығында ауызсу тұтыну көлемі – төулігіне 61-62 мың текше метр. Жаз айларында бұл көрсеткіш екі есе, 100-130 мыңға дейін өседі. Кейінгі кезде әлеуметтік желіде ауызсу сапасына қатысты сыни материалдар жариялануда. Көпшілігі «Арай», «Арай-2», «Арай-3» пен қаланың сол жағалауы тұрғындары. Қаланың бұл аумақтары «Арай» су алу құбырынан ауызсумен қамтамасыз етіледі. Бұл 2013 жылы пайдалануға берілген. Қазір 13 ұңғыма бар. Ережеге сәйкес таза су жинау резервуарларын екі жылда бір рет тазарту қажет болса, «Қызылорда су жүйесі» бұл жұмыстарды жылына екі рет жүргізуде, – дейді Бауыржан Ізмағамбетов.

Сонымен қатар, басқарма басшысының орынбасары «Геонвест» ЖШС мекемесімен судың сапасын талдау жұмыстарына келісім-шарт жасалғанын да атап өтті. Қазіргі уақытта ұңғымалардан су сынама алынып, зертханаларда талданады.

Ал «Қызылорда су жүйесі» мекемесінің директоры Бауыржан Әбдіқаппарұлының айтуынша, аталған мекеме жақын күндері ұңғымаларды тазартуға кіріседі. Қазір барлығынан анализ алынып, зертханаға талпырылған. Қорытындысы Алматыдан 13-14 мамырда шығады. Сол қорытынды бойынша жұмыс жүргізіледі.

– «Арай», «Арай-2», «Арай-3» шағын аудандары тұрғындарының мәселесі үнемі назарда. Бізде ұңғымадан 400 миллиметр құбырмен шыққан су «Арай» шағын ауданына барып құяды. Одан әрі кварталшілік 200-250 миллиметр диаметрі құбырмен таралады. Бұл құбырлардың барлығы ақпан айының соңынан бастап әлі де тазартылуда. Әр аптаның жұма күні кешкі 16-18 сағат аралығында судың бәрін ағызамыз. Себебі сенбі-жексенбі күндері судың қысымы, оның салдарынан шөгінді лайдың барлығы жоғары көтеріледі. Сондықтан қазір біз сол құбырлардың барлығын тазалап жатырмыз. Әрқайсысы мың текше метрлік 4 резервуар бар. Соның екеуі тазартылды. Үшіншісі тазартылуда. Төртіншісін де осы айдың аяғында тазарта бастаймыз, – дейді Бауыржан Әбдіқаппарұлы.

Мамандар облыс орталығынан бөлек, аймақтың өзге елді мекендерінде де ауызсу сапасы үнемі бақылауда екенін айтады. Қызылорда қаласынан басқа 7 ауданның, қаланың айналасындағы шағын ауылдардың барлығына ауызсу таратумен «Арал» салынып жатқан кәсіпорындардың бірлескен дирекциясы айналысады. Облыс бойынша 190 елді мекен, 475 мың халыққа, яғни 91 мың абонентке қызмет көрсетіп отырған мекеме жылына екі рет құбырлардың бойын тазартып, залалсыздандырып отырады.

– Ауызсу топтық су құбырлары мен оқшау су желілері арқылы беріледі. Сапасын ұдайы қадағалап отырамыз. Жыл сайын конкурс арқылы мекеме ұтып алып, бізге талдау қорытындысымен ұсыныстар береді. Филиалдарымыздың төңірегінде 2 мың шақырым магистральді су желісі, 4600 шақырым ішкі тарату желілері бар. 223 ұңғыма, 197 сорғы станциясы, 11 кәріз сорғы станциясы, 2 кәріз тазарту станциясы бар. Осылар арқылы залалсыздандыру жұмыстарын уақытылы атқарып отырмыз. Биыл сәуірде бұл жұмыстар

атқарылды, – дейді «Нұра» топтық су құбыры ШЖҚ РМК «Арал» СЖКБД филиалы директорының орынбасары Ержан Әмиша.

Айта кетсек, биылғы 4 айда «Арал» салынып жатқан кәсіпорындардың бірлескен дирекциясы 4 831 мың текше метр су өндіріп, халыққа таратқан.

Жалпы, ауызсу мәселесі қалада, облыста өз шешімін тауып келеді. Қала халқы жыл сайын өсіп, аумағы да кенееде. Сол үшін таза ауызсумен тұрақты қамтамасыз ету – ең басты мәселе. Оның жетпейтін, қысымының азаюын мамандар жүйелі түрде шешімін табатын шараларды қажет ететін мәселе деп түсіндірді.

Сонымен қатар жаз мезгілінде ауызсу тұтыну екі есе өсетінін, тұрғындар оның бақша суаратынын да тілге тиек етті. Мұның барлығы насос қондырғыларының жұмысын күшейтеді. Одан бөлек, техникалық су тасымалдайтын желі болмағандықтан, көлік жуу секілді орындарда да таза су беріледі.

– Мәселе ауызсу аяқсу ретінде пайдаланудан болып отыр. Негізі Су кодексіне сәйкес оған тыйым салынған. Бірақ тұрғындардың басым көпшілігі пайдаланып жатыр. Соған қарамастан қазіргі таңда қолдағы инфрақұрылымнан бөлек жаңадан кен орындарын қосу қажеттілігі туындап отыр. Халық саны көбейіп, жаңадан әлеуметтік

қамту күн тәртібінен түспей, мәселенің толыққанды шешімін тауып, түйткілді түйінін тарқату жолдары қарастырылуда. Негізгі міндеттерінің бірі каналдар мен арық жүйелерін тазалау саналатын «Жасыл Қызылорда» мемлекеттік мекемесінің мәліметінше, бұл жұмыстарға қаржы бағытталған.

– Қазір қала әкімдігі тарапынан аяқсуға көп көңіл бөлінуде. Қаланың 60 пайыздан астамы қамтамасыз етіліп жатыр. Дегенмен, мәселе әлі де бар, – дейді мамандар.

Мысалы, жылу беру маусымы басталғаннан кейін Қызылорда халқы аяқсу пайдалануды тоқтатады. Сол кезде 105-110 мың текше метр күнделікті беріліп тұрған ауызсу тұтыну көлемі 45 мың текше метрге дейін азаяды. Қарап тұрсаңыз, судың жетіспеушілігі, қысымының төмен болуы халықтың оны аяқсу орнына пайдалануынан.

– Мысалы, өткен сәуір айында су тұтыну көрсеткіші бірден 45 мыңнан 75 мың текше метрге көтерілді. Бұл – халық оны аяқсуға пайдаланып жатыр деген сөз. Соған қарамастан, қысымын көтеру бойынша жұмыстар жасалуда. Мысалы, былтыр көпқабатты үйлердегі судың қысымын көтеру үшін қаржы бөлінді. Бұл қаржыға арнайы қондырғылар алынды. Қазір орнатылуда. Жоба облыс орталығында орналасқан 63 көпқабатты үйдің су қысымын



Фото: Ашық дереккөзден

нысандар салынууда. Тұрғын үйлер көбеюде. Сол себепті сол жағалаудың арғы жағында «Торанғыл сай» жерасты суы кен орнын пайдалану үшін жоба-сметалық құжаттар әзірлеудеміз. Себебі, «Арайдан» шығып жатқан ұңғыма сол жағалауға көзделмеген.

«Торанғыл сай» кен орны тәулігіне 47 мың текше метр су беруге қауқарлы. Егер қосылса, сол жағалауды толықтай ауызсумен қамтамасыз етіп, артылғаны қаланың өзге аудандарына бағытталады, – дейді Б.Измағамбетов.

Тұрғындардың ауызсумен бақша суаратынын – ең түйткілді мәселенің бірі. Қаланы аяқсумен

реттеуге бағытталған, – дейді мамандар.

Қазір жауапты мамандар тұрғындарға түсіндірме жұмыстарын жүргізуде. Аяқсу бола тұра, бақша суаруға ауызсу пайдаланып жатқандарға айыппұл салынатыны ескертілуде. Бұдан бөлек, облыс орталығында 200-ден астам көлік жуу орны бар. Оның ішінде қазір жұмыс істеп тұрғаны – 106. Бұлардың барлығына өздерінің жеке ұңғымасы болуы керектігі немесе техникалық су пайдалануы қажет екені ескертілген.

«СБ» ақпарат



АРДАГЕРЛЕРГЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТТІ

«Аманат» партиясы облыстық филиалының атқарушы хатшысы Ләйла Төрешова «Тағзым» алаңында өткен «Ұлы Жеңіс – ұрпаққа аманат» атты салтанатты шараға қатысып, майданда ерлік көрсеткен батырлардың құрметіне гүл шоқтарын қойды.

Мұнан соң ҰОС ардагерлері Әбдірахман Бәйтқов пен Төлеген Жүнісовтің шаңырағына барып, қарт жауынгерлерді мерекемен құттықтап, сый-сияпат көрсетті.

АЛДАҒЫ ЖОСПАРМЕН ТАНЫСТЫ

Партияның «Ұлттық мұра» жобасы аясында филиалдың атқарушы хатшысы Ләйла Төрешова «Жыраулар үйінде» болып, өнер ордасының алдағы жоспарымен танысты.

Ұлттық мұрамыз – жыраулық өнерді кенінен насихаттауда партия филиалы жанындағы «Miras» азаматтық қоғам мен мәдениетті дамыту жөніндегі аймақтық кеңесімен бірлесіп белсенді жұмыстар атқаратынын атап өтті. Сондай-ақ фонотекалық қорға «Қазақтың халық әндері» анталогиясын сыйға тартты.

«ҚАРЫЗСЫЗ ҚОҒАМНЫҢ» ОҚУЛАРЫ ЖАЛҒАСАДЫ

«Қарызсыз қоғам» жобасы өз тиімділігін көрсетіп, жалпыхалықтық бағдарламаға айналды.

Биыл жоба аясында 8000 азаматты қаржылық сауаттылық оқу курсынан өткізу жоспарланған. Бүгінгі күнге Қызылорда қаласы мен Сырдария, Жалағаш, Шиелі, Жаңақорған аудандарының 2500-ге жуық тұрғыны білім алды. Мамыр айының 13-нен бастап Арал және Қазалы аудандарында екі ай бойы аптасына 2 топпен және Қызылорда қаласында әдеттегідей 1 топпен жұмыс жүргізілетін болады.

БІРЛЕСКЕН ОТЫРЫС ӨТТІ

Партия филиалы жанындағы партиялық бақылау комиссиясы мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі кеңестің бірлескен отырысы өтті.

Мемлекет басшысының Жолдауында айқындалған бағыттардың бірі – мемлекеттік сатып алудың жаңа жүйесін енгізу, қазіргі жүйенің проблемаларын жою. Отырыста мүгедектігі бар азаматтар құрған қоғамдық ұйымдардың тауарларын, қызметтерін мемлекеттік сатып алу кезінде индустриялық сертификат талап ету бойынша ұсыныстар жан-жақты талқыланды.

«ШЕШІМ» КІТАБЫНЫҢ ТҰСАУКЕСЕРІ

«Кітап-AMANAT» орталығында бірнеше жыр жинақтары мен прозалық кітаптардың авторы, ақын, Халықарылық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, Қазақстан Телерадио академиясының «Алтын жұлдыз» иегері, Қазақстанның Құрметті журналисі Қаршыға Есімсейтованың «Шешім» атты кітабының тұсаукесер рәсімі өтті.

Шараны партияның облыстық филиалы атқарушы хатшысының орынбасары Алтынбек Жарылқасынов жүргізіп, «Кітап-AMANAT» жобасы мен орталықтың негізгі жұмысын атап өтті.

ПАРТИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР ІЗІМЕН

Партияның аумақтық филиалдары және «Жастар рухы» Жастар қанаты түрлі бағытта 20-ға жуық іс-шара ұйымдастырды. Мәселен, Шиелі аудандық филиалы жанындағы партиялық бақылау комиссиясы «Кедергісіз келешек» партиялық жобасы аясында бірқатар әлеуметтік нысанның мүмкіндігі шектеулі жандар үшін бейімделуіне мониторинг жүргізді.

Мониторинг барысында кейбір мекеме басшыларына анықталған кемшіліктерді жою жөнінде ұсыныстар берілді. Сонымен қатар Сайлауалды бағдарлама аясында «Тұран» ауылдық округі, «Самара-Шымкент-Қодаманов» автожолының К-3 коллекторындағы көпір құрылысына партиялық бақылау жасалды.

«Жастар рухы» ЖҚ Қазалы аудандық филиалы партияның «Qaisaq» әскери-патриоттық жобасы аясында жастардың бойындағы Отанға деген сүйіспеншілікті арттыру, әскери-патриоттық рух қалыптастыру, азаматтарды Отан алдындағы борышын өтеуге шақыру мақсатында Қазалы көлік-техникалық жоғары колледжінде кездесу өткізді. Шараға аудан әкімінің орынбасары Дәурен Тілеуімбетов, аудандық қорғаныс істері бөлімінің бастығы Нұрлан Құлбаев қатысты.



ЖҮРЕКТЕ ТЕРБЕЛГЕН ЖАРТЫ ҒАСЫР

Мектеп – менің түсінігімде ұлы ұғым. Қысқасы, сол ұлы ұядан түлеп ұшқанымызға биыл 50 жыл толыты. Қызылорда қаласындағы №212 мектепті бітірген түлектер бас қосып, балалық шақтың армансыз күндерін еске алуда. Бұл енді ғажап! Мерейтой қарсаңында ұстаздарды еске алуды ұмытпадық. Олардың есімдері біз үшін қастерлі еді.

Философ ағай

Мектеп директоры Мырзахмет Жетпісбаев ағай философ еді. Бала көңіл оны түсінбейді, түсінісі келгенмен санасы қабылдамайды. Өткен ғасырдың 70-жылдарындағы оқушы бала сондай еді. Ол кезде кеңестік биліктің маркстік-лениндік философиясы сананы ұлап алған. Абайдан кем түспейтін Шәкәрім бір сөзінде: «Әрбір пендені өз заманындағы тіршілікпен бағалауға болады» депті. Философ ақынның осыдан 100 жыл айтқан әңгімесі тап осы заманға сәйкес келіп тұрғандай. Осы тұрғыдан келгенде Мырзахмет ағай өз заманының философы еді. Жамбылдың Сталинді жырлағаны сияқты ақылды аға өз дәуірін жақсы көрді, ұнатты. Іштей қаламаса да, шәкірттеріне білгенін үйретті. Айтпақшы, сол шәкірттері өз кезеңнің білгірі болып шықты. Біз сол үшін сонау 1974 жылғы Қызылорда қаласындағы №212 мектептің түлектері, бүгінгі 70-ті алқымдаған, тарих өлшеммен алғанда кешегі бозөкпе бозбалалар білім ордасына, оны 30 жылға жуық басқарған Мырзахмет Жетпісбаевқа алғысымыз шексіз.

Өткен уақыт белестері қайта еске орала береді. Шамасы, 1988 жыл болуы керек, мен облыстық «Ленин жолы» газетінің тілшісімін. Мырзахмет телефон соқты. Сөйтсем 60 жасқа келіпті.

Бұрыннан сыйластығым жақсы, сәлемнің түзу кісі болған соң көп кешікпедім. Өтінші орындалды. 1988 жылдың 14 сәуірінде газетте «Ұстаз мерейі» атты көлемді мақала шықты. Ұстаз алдындағы бір міндетімді орындағандай жеңілдеп сала бердім.

Уақыт шіркін зымырайды. Оған да 40 жылдан астам уақыт өтіпті. Мырзахмет 2014 жылдары қайтыс болды. Өмірден озғанша жиі болмаса да кездесіп тұратынбыз. Егде тартса да ақыл-адамдан жоқ, жарықтық. Бұл да болса жараттылығынан дарыған қасиетінен шығар деп ойлаймын.

Мырзахметтің жаттау қабілеті, еске ұстау дарыны ерекше болатын. Философияны менгергендіктен шығар, әсіресе, Сұлтанмахмұттың өлеңдерін жатқа соғатын. Бұл енді өмірлік философияның бір көрінісі іспеттес. Ақын:

«Жақсылық көрсем –
өзімнен,

Жамандық көрсем – өзімнен
Тағдыр қылды дегенді
Шығарымнан сөзімнен» депті бір өлеңінде.

Зердене салсаң, тұнып тұрған философия. Демек, Мырзахметті философ демей көріңіз. Айтпақшы, бір сөзімде айтқандай, ол кісі бірнеше мектепті жалпы алғанда 30 жылға жуық басқарды. Бұл қазіргімен салыстырғанда әлемдік рекорд деуге пара-пар. Бұрынғылар ақылмен арыстанды бағындыруға болады депті. Сол айтқандай Мырзахмет философ болды, барлығын ақылмен жеңді, сол ақылды өмір бойы өзіне серік етті. Ол қарызын білді. Парызын әрдайым есте ұстады. Жаңылған, жаңылысқан кезі сирек. Бір сөзінде маған: «Қызметте барлығының қабілетін ескердім. Дұрысын айттым, бұрысын әрдайым қаперімде ұстадым. Өз ұстанымын білдірген Қызылорда қалалық партия комитетінің бірінші хатшысы Туровскийге алғысым шексіз» дегені есімде қалыпты.

«Жақсы ниет – ниет қана қарасан,
Дұрысының іс қылуға жарасан» – депті Жүсіп Баласағұн.

«Есті адамдардың мынадай үш үлкен қасиеті болады: біріншіден, жұртқа берген ақыл-кеңесін өзі орындайтын болады, екіншіден, ешуақытта әділдікке қарсы шықпайды, үшіншіден, төңірегіндегі жандардың қателіктеріне кешірімшіл келеді» дейді Лев Толстой. Бір данышпан «Әр адамның құдайы – өзінің арқы» деген екен.

Марқұм Мырзахмет ағайға осы қасиеттердің барлығы тән еді.

Мен көрдім ақыл кемел ғажап қария

Облыс әкімі болған Сейілбек Шаухамановпен бірге аймақтың аудандарына жиі сапарладық. Марқұм көңілі қалаған адамы болса шешіліп сала беретін. Бірде маған «Жолдасбек, үлкен кісілердің екі атауы болады. Бірін қария десе, енді бірін шал дейді. Қария – жақсы, сүйкімді атау. Әдетте онымен өмірден көрген-түйгені мол қазыналы кісілерді атайды. Жасы 90-ға келгенмен өмірден алған ештенесі жоқ, дым көрмегендерді «шал» деп атайды. Сен үлкейіп келесің. Қаламыңды бақылап отырымын. Қария болғанды қалаймын» деп сүйсіне айтқаны әлі есімнен кеткен жоқ. Облыстың бірінші басшысы болған кезінде, одан

кейін де сыйласып тұрдық жарықтықпен.

Сыныптас досым Торғай баласы Бектаймен бірге ұстазымыз Жолдыбай ағаймен кездесуге барғанда Сейілбек көкеміздің осы сөзі еске орала кеткені бар.

Сол айтпақшы, көпті көрген қарияның алдында отырымыз. Аты-жөні – Жолдыбай Нұрымжанұлы. Жағын бөлмесінде газет-журналдардан көз сүргенді. Оқуға жақын жүретінін білетінін. Әдеті әлі қалмапты.

– Газетке шығарасың ба? – деді ә, дегеннен.

– 2024 жылы 50 жылдығымды атап өткенді жатырмыз. Жігіттердің өтінішімен келдім. Алдымен әлеуметтік желіге шығарамыз. Бір чатта отырған өзіңіз сабақ берген шәкірттеріңіз оқиды. Біздің шамалауымызша, олардың саны 160-тан асып кетеді. Мерейтой жақындағанда арнайы газетке шығарамыз. Мырзахмет Жетпісбаев, Айшагүл Балмағанбетова туралы жазады. Ендігі кезек сізге келіп тұр, – дедім келген мән-жайымын жобасынан хабарлар етіп.

Біраз сөйлестік. Өте бір сыпайы, ұқыпты адам еді біздің жас кезімізде. Шежіре дерсің, барлығын сайрап айтып отыр. 1935 жылы дүниеге келіпті.

Қызылорда қаласындағы ауыл шаруашылығы техникумын техник-механик және Н.Гоголь атындағы пединститутты тарих пәні мұғалімі мамандықтары бойынша бітірген. Еңбек жолын 1957-1966 жылдары Шиели ауданына қарасты «Тартоғай» кеңшарында жұмысшы, кіші есепші, радист болып бастаған.

1966-1967 жылдары №153 Тартоғай орта мектебінде мұғалім, 1967-1973 жылдары Қызылорда қаласында №4 кешкі орта мектебінде мұғалім және облыстық кәсіптік-техникалық білім беру басқармасында тәлімгер болған. 1973-1976 жылдары №212 орта мектепте мұғалім, 1976-1986 жылдары №253 мектепте мектеп директорының орынбасары қызметтерін атқарған. 1986-2000 жылдары №212 орта мектепте мұғалім болып, еңбек демалысына шықты. №253 және №212 орта мектептерде партия ұйымының хатшысы, 1990-1996 жылдары облыстық соттың халық заседателі болып қоғамдық жұмыстар атқарып, абыроймен зейнетке шыққан. Тізбелеп жатуды артық көрдік, мемлекеттік наградалары жеткілікті.

«Тағтымды тағдырлар» ат-

ты өзі жазған кітабын ұсынды. Бір ғасырдан астам қыпшақтардың шежіресін қамтитын кітапта көп нәрсе бар. Патша заманы, кешегі кеңес дәуірі, болыстар мен бірінші хатшылар бейнесі көз алдыңызға келеді. Шежірелі кітап, бір отбасынан асып көп қауымға белгісіз жайттарды баяндайды. Ұқыпты аға барлығын тірнектеп жинай беріпті. Кетерімізде дастарханға шақырды. Байқаймын, қолында тәуір коньяк. Сыйайлығын қараңыз, маған да, Бектайға да өтініш айтпай, өзі ашты. Мұны енді қонағын сыйлағандық деп түсіндік.

Төрағаның қызы

Есіме сонау бір 40 жыл бұрынғы оқиға түсіп отыр. Мектеп бітіргенімізге 10 жыл толғанда суыт хабар түсті. Ауыр хабар. «Айшагүл апай қайтыс болыпты». Жастықтың, шалалықтың әсері ме, көп нәрсені тез ұмыттық. Жұырда Шаймерден ағаймен хабарластым. Барлығы есінде екен.

– 1984 жылдың шіліңгір шілдесі болатын. Аспан айналып жерге түскендей, – деді ол кісі сабырлы жүзбен. – Айшагүл апай еңбек демалысына шығып «Минводыға» ұшатынын айтты. Ақшасын беріп, «мынаған бір коньяк, жеңіл шарап әкелерсің, әріптестеріме жуу керек» деді. Дүкенге алып-ұшып жүгірдім. Жаспын, сонымен бірге ол кісі менің жақын жеңгем еді. Ол кезде кеңес заманы, отырыспаларда ішімдікті ешкім теріс көрмейді. Мектеп асханасында алайға әріптестері жылы сөздер айтып, шығарып салдық.

Көп ұзамай «Минводыдан» «апай қайтыс болыпты» деген суыт хабар жетті. Есіміден танып қала жаздадық. Мырзахмет ағай байсалды қалпымен «Денесің Қызылордаға жеткізуді саған тапсырамын. Қасына адам қосып беремін», – деді. Мұндайда Мырзахметтің ұйымдастырушылық қабілеті мықты еді. Ә дегеннен бірнеше жерге хабарласып үлгеріпті. Артынаша «Басқа адамдардың баратын жолы болып тұр, әзірге сен дайын отыр» деді. Сөйтсем, Айшагүл апайдың жақын ағайындары бұл миссияны өздері орындайтын болыпты. Ол кезде жаңылыспасам Сейтқасым Жүнісов – қалалық білімнің менгерушісі. Бір-екі кісімен ұшатын болыпты. Сөйтпін мүрде салынған ұшақ Ташкентке келіп қонды. Қызылордадан Ташкент әуежайына көлікпен мен бардым. Реті келгенде айта кетейін, С.Жүнісов – Айшагүл апайдың туған күйеу баласы. Айекеннің туған сиңілі Ұлтай апайдың күйеуі. Қысқасы, барлығы ағайынгершілік жолмен орындалды. Сол кезде апай небәрі 52 жаста екен. Осы қайғылы оқиға бүгінге дейін менің жүрек түкірімізде сақталып қалған, – деді сөзін аяқтаған Шаймерден ағай.

Содан бері 40 жылға жуық уақыт өтті. Мен осы әңгімені жазуда ғана Шаймерден ағайның аузынан естігенде көңілім құлазып кетті. Шәкірт ретінде не тындырдық? Парыз бен қарызды қаншалықты өтедік? Сұрақ көп, оның жауабы бұрынғы тартады. «Д» класының жетекшісі Айшагүл Балмағанбетова ақылды, байсалды кісі еді. Сол уақыттың тәртібі сондай ма, әйтеуір балаға деген ықыласы ерекше болатын. Қалаға белгілі математик, Қызылорда пединститутының түлегі еді. Шәкірттері Кенжегүл, Гүлнар, Айтбай, Қамшыбек, Мұхтар, Телібай, Күлпап, Бақыт, Мұрат, Данияр, Бектай, Зауреш, Зейнеше, Жамал, Зейнеп, тағысын тағылар, қалғандарының көңіліне келмесін, барлығы бірдей ол кісіні құрметтеп өтті. Шәкірттерінің көңіліне жол тапқан пәк сезімі үшін құрметтеді. Одан да зорын айтпайын, Айшагүлдің еңбегі еселеп қайтты. Басқа сыныптағы шәкірттерінің көпшілігі «Нархозға» түсіп, сауда саласында, тұтынушылар одағында, нарықтың кейін пайда болған монополияға қарсы органдарында жемісті қызмет атқарды. Ал Айшагүл апай жетекшілік жасаған «Д» класының үш түлегі ҚазҰУ-дің студенті атанды.

Жұырда апайдың туысқандарын телефон соғып іздедім. Марқұм Сейтқасым ағаны да, Ұлтай жегендей де танушы едім. Ұлтай жегендей толқып кетті. Айшагүлдің ұрпақтары дін аман, біреуі Шымкентте, екіншісі Алматыда аман-сау жүріп жатыр.

Апай – Жалағаш ауданы «Аққұм» ауылының тумасы. Әкесі Балмағанбет колхоз, ауылдық кеңестің төрағасы болған. Бұл

– Ұлтай апайдан алған дерегім. Әкем Әлен Айшагүлмен институтта бірге оқығанын айтып «колхоз бастықтың қызы» деп отыратын. «Жақсыдан жақсы туады» деген осы шығар, бәлкім.

Шәкірттері ұлықтаған Шаймерден

Шөкең – Жалағаштағы «Ақарықтың» тамасы. Сонда туып-өскен. 1969 жылы №212 мектепке келіп денешынықтыру пәнінен сабақ берді. Табаны күректей 40 жыл. Сөйтіп 2010 жылы зейнетке шықты. Қазір аман-сау, бейнеттің зейнетін көріп жатқан жағдайы бар.

Ұлы Абай: «Ең ақылды адам – өзінің шамасын білген адам. Ақылдың көп болған сайын өмір сүру қиындай түседі. Ақылдың азабы қарғыспен тең» депті. Міне, Шаймерден аға менің түсінігімде осы философиямен өмір сүрді. Алға ұмтылып өзеу-ремеңді, кейін қалыс қалып өкінебеді. Менің білуімше ақылдылық деп осыны айт!

Зердеден, санадан сүзіліп өткізгеніз, 40 жыл уақыт жеміссіз өтпеді. «Қайсар» футбол клубының басшысы Серік Досмамбетов, «Сейхун» гандбол клубының ойыншысы Шолпан Сейтенова, Қазақ физкультура институтының түлегі Ғалым Бекенов, тағы 20 шақты түлектері бүгінде тәлімгерлігі үшін ол кісіге дән риза.

«Ішінде дәнегі жоқ жаңғақ шағылғанда ұятқа қалады» депті бір данышпан ертеректе. Әңгіме жаңғақтың өзі туралы болып отыр. Түсіңізсіз бұл да – философия, теңдессіз теңеу. Сол айтпақшы, Шөкең – мен үшін ұлы адам. Ұлы дейтінім, орынсыз әңгіме айтпайды, ретсіз еш нәрсеге қилікпейді. Спорттағы сияқты ол кісінің өмірдегі әрбір қимылы жеміспен бірге, жеңіс те әкелді.

Ұмытпасам, 1974 жыл еді. Қызылорда қаласының спартакиадасында негізінен 10 «Д» сыныбынан құралған футбол командасы қалада күміс жүлделер атанды. Бұл көрсеткіш мектеп тарихында бұрын-соңды болмаған еді. Мектеп басшылығы қуанды, бізде балаларды шаттықтан ес жоқ. Олар – Данияр, Айтбай, Мұрат, Жалғас, Қалдыбек және мен. Қалғандары басқа сыныптың оқушылары – Жайғайлы, Асан, Мұқан.

Шөкең спортта №212 мектептің беделін көкке көтерді. 40 жыл абыроймен қызмет істеп өзінің орнықты, орындай адам екенін көрсетті. Біреуге артық ауыз сөзі жоқ біздің кезімізде, одан кейін де дұрыс адам болып қалды. Орыстарда «порядочный человек» деген ұғым бар. Менің аударамда оны ұяты бар адам дейді. Шөкең ұяты өзінше критерийі деп санады. Соңғы жылдары сәті келіп көп кездесіп жүрдік. Шөкеңнің байсалды, орнықты сөзін тындаймыз. Ол кісінің ғажайып кереметтігі сол, өзі білмейтін, топшылайтын нәрсеге араласпайды.

Ағаның спортқа әлі де бейім, тың жүретінін ескеріп, 80-ге қарай қадам басқанын ойға алып «Құранға қалайсыз?» деген сұрақ қойдым. Бұл да бір қулығы еді. «Орынды жерінде аздап оқымыз ғой» деді жай ғана. Қазір қасымызда молдасыммақтар қаптап жүргеннен кейін әр нәрсені сұрағыштай беретінім үйренішті дағдыға айналды.

Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың хадистерінде: «бір сағат ілім үйрену бір кеш бойы құлшылық студент жақсы, бір күн бойы дәріс алу – үш ай ораза тұтқаннан сауапты» деп жазылыпты. Демек, Пайғамбардың өзі де соқыр сенімді емес, оқуға, ілім-білімге, ізденуге үндегені осыдан-ақ көрініп тұрған жоқ па?

Айта берсең, әңгіме көп. Спортпен айналысқаннан болар, Шөкең әлі қуатты, жұбайы орыс тілінің маманы Гүлжахан жеңгеймен балалары мен немерелерінің қызығын көріп отырған ғанибет жағдайы бар.

Осылайша, Шөкең – дініне адал, тіршілігіне бекем, білімге құштар парасат адамы. Білімді дейтінім, ол кісі әлемдік саясатты да шолып отырады. Жаһандық спорттың мәселесі және де әңгіме тиегінен қалмайды.

Менің білетінім, Шаймерден Төкенов – жан-жақты адам. Біздің ұстаздарымыз осындай.

Жолдасбек АҚСАҚАЛОВ,
Қазақстанның Құрметті журналисі

/// ЖЕҢІС-79



МАЙДАҢДА ДА, ЕҢБЕКТЕ ДЕ ЕРЛІК ЖАСАҒАН

Қатал тағдыр Біләл ағамызға қиын-қыстау кезеңдерді бастан кешуді жазған екен. Әулетінен жалғыз қалған ол ашаршылық жылдарын да, сұм соғысты да көрді. Жастайынан оқу-білімге құштар болып, сауатын арттыруға ден қойған ағамыз арнайы курстарда оқып, кейіннен Қостанай өңірінде жас ұрпақты тәрбиелеуге қомақты үлесін қосты.

Біраз жылдардан соң туған ауылы Шағанға келіп, колхоз төрағасы болып ел енесін көтеруге аянбай атсалысты. Ал Ұлы Отан соғысы жылдарында ІІ Украина майданында болып, бірнеше қаланы жаудан азат етуге қатысты. Әсіресе, Воронеж маңындағы шайқастарда ерлік көрсеткен. Үш рет жараланған. Ұрыстардың бірінде басынан ауыр жарақат алып, госпитальда ұзақ емделді. Алайда 1943 жылы соғысқа жарамсыз деп танылып, туған жерге оралды. Келе сала колхоз төрағасы ретінде еліне ерінбей еңбек етті. Сонау 1961 жылы 5 колхозды біріктіріп, Шаған шаруашылығын құруға атсалысқандардың бірі болды.

Туған жері мен елін шексіз сүйген Біләл Қалқаманов ағамыз ұлтжандылықтың жарқын үлгісін көрсетті. Шаған топырағын киелі санап, адамдарын айрықша құрметтеді. Ел үшін еңбек етуді алдына асқақ мұрат етіп қойды. Өмірі өнеге, ғұмыры ғибрат Біләл ағамыздың сінірген еңбегі, соғыста көрсеткен ерліктері еш кеткен жоқ. Ол кісі бірнеше орден-медалдардың иесі. Мәселен, І дәрежелі «Отан» соғысы және «Қызыл Жұлдыз» ордендері кеудесінде жарқырап тұратын. Сондай-ақ Жемістің және Қарулы Күштердің мерекелік медальдарымен марапатталды. Бейбіт күндері жасаған еңбегі «Ерен еңбегі үшін» медалімен айықталды. Бұған қоса білім саласындағы тиянақты, игілікті істері Алғыс хаттармен бағаланып, абыройын арттырды.

Талай ауыр кезеңдерді бастан өткерген майдангер ағамыздан тараған ұрпақ ата-ана сенімін ақтауға тырысып, әр салада жемісті еңбек етуде. Жалғыз ұлы Әуелбек пен келіні Тыншайтықтан 5 немересі, 11 шөбересі бар. Ағамыз Әуелбектің үлкен ұлы Қыдырбекті ұлттық саясаткерлерімізге сай бауырына басып тәрбиелеген. Жақында 60 жасқа толған Қыдырбек жеке кәсіпкер. Ал Қожабек пен Келдібек – шаруашылықтың білікті мамандары. Кенже немересі Дина – ауданға қарасты Ақжарма ауылында орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі.

Ол – ерлік пен өрліктің өнегесін ұрпақтарына аманат еткен, туған топырағы Шағанның мақтанышына айналған ел жадындағы ерен тұлға. Майдангер 1993 жылы 88 жасында дүниеден озды. Шаруашылықтың өсіп-өркендеуіне үлкен үлес қосқан, ел бірлігін сақтап, замандастар арасында сыйлы, қадірменді болған ағамыздың атына бір көше атауын беруді ауыл халқы қызу қолдап отыр. Ендеше елін сүйген ердің атында бір көшенің болуы жас ұрпаққа ұлттық рух берері, біз үшін аманат екені сөзсіз.

Мейрамбек ШИЛДЕБАЙҰЛЫ.

Сырдария ауданы

ЖЕҢІС—79

ЕРЛІГІ ЕЛ ЕСІНДЕ



Жеңіс күні мереке болғанымен, оның өтеуі тым қымбатқа түскенін аға ұрпақ жақсы біледі. Жерін жаудан азат ету жолында майдан даласында жан алысып, жан беріскендердің бірі — Зәкір Таңбаев.

Ол алғаш Югославия еліндегі ұрысқа қатысып, жаумен ашық шайқасқа шығады. Бірақ зенбіректен жауған оқтың астында қалады. Қатты жарылыстың салдарынан жаракат алады. Бұл туралы өзінің естелігінде де айтылған.

«Айнала тынышталып қалған. Мен орыман тұрайын десем, қозғалатын түрім жоқ. Аяғыма зенбірек оғаның жарықшағы тиген екен. Жан-жағыма қарасам, Молодовский досым жаракат алса керек, екі қолымен басын қысып «мама» деп жатыр екен. Солден соң дәрігерлер келіп, зембілге салып алып кетті. Жарақатымыздың ауыр екенін көріп, Ленинградтағы госпитальға жіберді. Мұнда бір күн жатып, орын болмаған соң елге, Ақтөбе қаласындағы госпитальға жөнелтті. Осы уақытта маған орыс досымның қайтыс болғаны туралы хабар келді» дейді ол.

Майдангердің жарақатының ауыр болғаны соншалықты, емі ұзақ уақытқа созылады. Жамбасының ұршық сүйегіне тиген оқтың орны көпке дейін оның тіл тұруына кедергі болады. Жарақаты жазылып, денсаулығы қалыпқа келген соң оған қайтадан майданға барасын деген хабар тиеді. Осылайша Зәкір Таңбаев майданға қайта аттанып, бұл жолы Берлинге дейін барды. Жолда бір стансаға тоқтағанда жеңіс туралы хабар алады. Сөйтіп 1946 жылы елге оралды.

1947 жылы теміржолға жұмысқа орналасып, осы салада 32 жыл қызмет істейді. Өз ортасында сыйлы, абыройлы болды. Әрдайым құрмет төрінен көрінді. Майдан даласындағы ерлігі де, елге оралған соң атқарған еңбегі де еш кетпеді. «1941-1945 жылдарда Германияны жеңгені үшін», «50 лет Вооруженных сил СССР», «Жеңістің 30 жылдығы» медальдарын иеленді. Онан бөлек теміржол саласына сіңірген еңбегі үшін Орынбор теміржол басқармасының марапаттарын алды.

Майдангер жары Рахима Шайымқызы екеуі сегіз бала тәрбиеледі. Одан тараған ұрпақ бүгінде өсіп-өнген, абыройлы азаматтар. Олар да әкесі салған даңғыл жолмен жүріп, елге адал қызмет етуде.

Майдангердің 1954 жылдан бері тұрған үйі Жосалы кенті орталығындағы Қазантөв тұйығында орналасқан. Бүгінде артында қалған ұрпақтарының осы көше соғыс және еңбек ардагері Зәкір Таңбаевтың атына берілсе деген тілегі бар.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ,
«Сыр бойы»

Құқық қорғау саласы мамандарының жүгі ауыр жұмысы қоғам қауіпсіздігінің кепілі екені анық. Кейде бұл ұғымның маңызын түсінгенімізбен олардың нендей кедергіден өтетінін, қандай қауіпке қарсы тұратынын аңдай бермейтіміз бар. «Аталған мамандықтың мәні не, маңызы қандай?» деген сауал да туындайтыны орынды. Бүгінгі кейіпкеріміз құқық қорғау саласының ардагері Орынбасар Мақсұтұлының өмір жолы бұл сауалға жауап болары сөзсіз.

Оның есімі сырбойылықтарға жақын таныс. Ол ұзақ жыл аймақ тыныштығын сақтауға атсалысты, қазір зейнетте. Ізінен ерген буынға ақыл-кеңесін айтудан жалықпай, саланың салғырт тұсын көрсетуде де еңбегі ерек. Қызылорданың тумасы болғасын қаладағы қайырымдылық шара мен жастарға жәрдемдесу ісінен қалыс қалған емес.

Кейіпкеріміздің мұндай өмір үрдісіне ілесуінің басты себебі — бала арманы. Олай дейтіміз, ол жас күнінен елге қызмет етуді мақсат тұтып, халықты қорғайтын сақшы болуды армандайды. Арман жолында 1984-1986 жылдары Германияда әскери борышын өтеп, қаладағы комсомол ұйымына жұмысқа тұрған. Ол таңдауының сырын былайша жеткізді.

— 1989 жылы КСРО басшысы М.Горбачевтің жұмысшы жасақтар құру туралы пәрмені тарады. Соған сәйкес, милиция бөлімдеріне комсомол жастардан ерікті-қомекшілер тарту жұмысы жүрген болатын. Мен де ерікті қатарына қосылып, құқық қорғау саласына қадам бастым. Жүйелі жұмыс, тынымсыз еңбектің нәтижесінде 1990 жылы қалалық ішкі істер бөлімінің патрульдік қызмет ротасына қатардағы милиционер болып тұрақты жұмысқа қабылданғаным есімде, — дейді ол.

Алғаш қызметке кіріскеннен-ақ қиындық аз болмаған. Қиынқыстау кезеңге дөп келгендіктен материалдық-техникалық базаның жетіспеуі ішкі істер бөліміне де тән жағдай-тын. Қылымсыз болып жатқан аймаққа тексеру жүргізуге шұғыл түрде барудың өзі мұн. Қызметтік көлік тапшылығынан бекітілген аймақты жаяу аралап, құқықбұзушылықтың алдын алуға тырысатын кез. Алайда сақшылар сақтық танытып, күні-түні қырағы болуға ұмтылды. Жетістік пен нәтиженің алда екенінен үміт үзбеді.



ҚЫЗМЕТІНДЕ ҚЫРАҒЫЛЫҚ ТАНЫТҚАН

Қызметтік өрлеу көп күттірмеді. 1994 жылы взвод командирі міндеті жүктеліп, сол кездегі облыстық ішкі істер басқармасына ауысқан. Сенім үдесінен шығып, әкімшілік қамау орнының, медициналық айықтырғыш арнайы мекемесінің басшысы болды.

Орынбасар Мақсұтұлы 1993-1995 жылы Шымкент қаласындағы арнайы милиция мектебін бітірген соң өз саласының үздігі ретінде көрінді. Сол тұста, нақтырақ айтқанда, 1998 жылғы ішкі істер бөліміндегі ең қиын саланың бірі — әкімшілік қамау орнының бастығы қызметіне келді. Мұнда бір жарым жылдан соң медициналық айықтырғыш арнайы мекемесінің басшысы қызметін қоса атқарғаны бар. Ал 2000 жылдары басшылардың таңдауымен облыстық патрульдік полиция басқармасының басшысы деген лауазымға ие болды. Кейін облыста жаңа құрылым — қоғамдық қауіпсіздік басқармасы пайда болғанда, басшының орынбасары міндеті жүктеліп, арнайы мемлекеттік күзет қызметі бөлімінің тізгінін ұстады.

Кейіпкеріміздің өмір жолындағы маңызды кезең Қармақшы ауданымен байланысты. Ол 2002 жылдан 2006 жылға дейін Қармақшы аудандық ішкі істер бөлімі басшысының қызмет істері жөніндегі

орынбасары лауазымына тағайындалады. Ауданда жүріп, саланың жүгін көтерді. Абыройлы қызметінің дәлелі болар, сол кезде аудандағы сала басшысы Бақыт Мұжтовпен бірлесе елді мекендегі учаскелік полицейлердің барлығын қызметтік тұрғын үймен қамтуға қол жеткізгені ел есінде.

Жұмыс барысындағы нәтиже де мақтауға тұрарлық. Әсіресе, Қармақшы ауданындағы қызметінде халықаралық маңызы бар қылмыстық істің ашылуына ықпал еткенін айта кеткен жөн. Мәнісі мынада. Орынбасар Мақсұтұлы кей басшыдай кабинет аумағында іс бітірген жан емес. Жұмыстың басында, жүйенің ішінде жүргенге жаны әуес. Сол әдетке сай аудандағы кезекті пунктті аралау барысында автожолға келеді. Қырағы полиция жол бойында тексерістен өтіп, кетуге оқталған жүк көлігіне көзі түседі. Сұрастырса, көлік толы азық. Түйсігі сезді ме, қызметкерлерге көлікті қайта тексеруге пәрмен береді. Жіті тексерістен жүк арасына жеңіл көлік жасырылғаны анықталады. Осылайша, тұн торыған қылмыстық топты құрықтап, марапат биігінен көрінгені бар.

Орынбасар Мақсұтұлының кәсіби шеберлігі бір бөлек, көзсіз ерлігі бір басқа. Олай дейтіміз, ол қызмет

барысында ел амандығы үшін отқа да, суға да түсуге даяр екенін сан мәрте дәлелдеген. Мысалы, Байқоңырдан ұшқан зымыран жерге құлап, даланы гептил жайлаған қысылтаяң шақта ондаған күн оқиға орнынан тапжылмай қызмет атқарды. Сала министрінің тікелей тапсырмасын орындап, залалсыздандыру жұмысына жансала көмек көрсетті. Мамандықтың мәні адам өмірі үшін күресу, қауіпсіздігін қамтамасыз ету екенін ісімен ұқтырды.

— Кәсіби толысу жолында алдыңғы буын ағалардың ақылы мен үзегілес жолдастардың жәрдемінен сіз жетістікке жету мүмкін емес. Менің де алға қойған мақсатымның орындалуына сол кездегі басшылар көмегін тигізді. Серікбол Тұңғышбаев, Ғазымбек Алпысбаев, Қасым Байкенов, Алдан Жәлімбетов секілді сала салдақтарының қолдауы мен білгенін үйретуі мол өмірлік сабақ болып қалыптасты, — деді Орынбасар Әділ.

Абыройлы қызмет қашанда құрметке лайық. Кейіпкеріміз саладағы өнегесінің арқасында мерей төрінен көрінді. Оның ішінде ҚР ІІМ мерекелік медальдары, ІІМ-дегі «Үздік қызметі үшін» төсбелгісі мен ішкі істер органдарындағы мінсіз қызметі үшін алған І, II, III дәрежелі медалімен марапатталды. Сырбойылықтардың тыныштығын сақтап, қауіпсіздігін қорғаған майдан майор шенін иеленген. 2010 жылға дейін медициналық айықтырғыш арнайы мекемесінің басшысы болып, сол мекемеден зейнетке шықты.

Орынбасар Мақсұтұлы — білікті маман ғана емес, отбасының өнеге алар тұлғасы. Бүгінде үш перзенті әке жолын жалғап, құқық қорғау саласында еңбек етуде. Үлкен ұлы Ғалымжан Орынбасарұлы заңгер қызметін атқарса, кіші ұлы Шыңғыс Орынбасарұлы облыстық қылмыстық атқару жүйесі департаментіне қарасты мемлекеттік мекемеде еңбек етуде. Ал қызы Айгүл Әділова — облыстық полиция департаменті тергеу басқармасында аға тергеуші, полиция капитаны. Осылайша берекесі жарасқан отбасыдан аңғына берік болған полиция, халқына қорған азамат ержетті десек болатындай.

Быыл кейіпкеріміз мерейлі алпыс жаста. Өмірлік ұстанымы арқылы талай жасқа үлгі болған ол құқық қорғау саласының дамуына аянбай еңбек етті. Болашақта да білгенін бөлісіп, өскелең буынның тәжірибе шындығына септесуге пейілді.

Е.БАЛТАБЕКҰЛЫ,
«Сыр бойы»

ОҚЫРМАН ОЛЖАСЫ



«ҚОҒАЛЫҚӨЛДІҢ» ТАҒЫЛЫМҒА ТОЛЫ ТАРИХЫ

Жақында «Тұмар» баспасынан өлкетанушы Жұмабай Байзақұлы мен Гүлзира Жұмабайқызының «Құтты мекен — Қоғалықөл» атты кітабы жарыққа шықты.

Бұл кітапта Сырдария ауданы «Қоғалықөл» ауылының топырағынан түлеп ұшып, ұрпағы күллі қазақ халқына ортақ қайраткерлерге айналған Лапиндер әулеті мен Қожықовтар отбасының тарихи жолы, қарама-қайшылыққа толы қым-қуыт өмір белестері баяндалады.

Мұнымен қоса кітап авторларының бірі Жұмабай Байзақұлының ауылдың ағеден адамдарының ақ-жарылқап пейілі мен болмысын суреттеген «Құлболды ишан», «Ана», «Алғашқы ұстаз», «Аңшының серті», «Атамекен», т.б. айшықты әңгімелері топтастырылған.

Жұмабай Байзақұлы «Бесарық» ауылдық музейінің негізін қалаған. Ауылдың «СССР-дің 50 жылдығы» атын «Бесарық» атауына өзгерту мақсатында

ономастикалық комиссияға ұсыну үшін «Бесарық бастауы» атты кітап жазған. Одан да басқа «Берекелі Бесарық», «Бесарық» ауылының құрылғанына 60 жыл толуына орай «Берекелі, мерекелі Бесарық», «Қалдырған ізін мәңгілік», «Әулетім — асыл дәулетім», «Ажқол», «Еңбекпен өрілген өмір», «Дала мен бала», «Өнегелі өмір», «Бесарықтан Берлинге дейін», «Қоғалықөл қаһармандары», «Әшімхан әлемі», «Жердің аты — тарихтың хаты», «Бесарықтың берені», «Тұғыры биік тау тұлға» кітаптарының авторы.

Әубәкір Гүлзира Жұмабайқызы — облыстық тарихи-өлкетану музейі «Ақмешіт» музейі филиалының ғылыми қызметкері. Стамбулда жарық көрген арнайы жинаққа мақаласы енген.

Кітап Қоғалықөйді танығысы келген барша оқырманға арналған.

«СБ» ақпарат

	ЕСКЕРТУ	ХАЛЫҚТЫҢ, КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ, ҰЙЫМДАРДЫҢ, ШАРУА ҚОЖАЛЫҚТАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА
<p>«КазТрансОйл» АҚ Қызылорда және Ұлытау облыстарының аумағында «Құмкөл-Қарақойын» магистралды мұнай құбырлары, ТОБЖ байланыс желілері салынып, олар шақыртылып бағандармен және ескерту белгілермен белгіленгені ескертіледі.</p> <p>ҚР-ның «Магистралдық құбыр туралы» Заңына және Қазақстан Республикасында телекоммуникация желілерін күзету ережелеріне сәйкес, келесі күзет аймақтары белгіленеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Мұнайды тасымалдайтын магистралды мұнай құбыры трассасы бойында — құбыр өсінің әрбір жағынан 50 метр жерден отетін шартты сызықтармен шектелген жер учаскесі түрінде; ауылшаруашылық мақсатындағы жерлерде магистралдық құбырдың күзет аймағы құбыр өсінің әрбір жағынан 25 метр жерден отетін шартты сызықтармен шектеледі; 2. бір техникалық дәлізге төселген көпжөлілі құбырлардың трассалары бойында — шеткі құбырлардың оңтүстік және солтүстік шетіндегі шартты сызықтармен шектелген жер учаскесі түрінде; 3. суатты өткелдері бойында — өткелдердің шеткі желілері осыртқы әрбір жағынан 100 метрге кейін қалатын қатар жазықтар арасында орналасқан су бетінен түбіне дейінгі су кеңістігі учаскесі түрінде; 4. өнімді авариялық шығаруға арналған жер қамбалары төңірегінде — аталған объектілер аумақтары шекарасынан барлық жаққа 50 метрге кейін қалатын түйіпталған сызықпен шектелген жер учаскесі түрінде; 5. бас және аралық айдау және құю сорғы станциялары, резервуар паркттері, компрессорлық және газ тарту станциялары, өнім өлшеу тораптары, құю және қотару эстакадалары, газды жерасты сақтау станциялары, мұнайды, мұнай өнімдерін қылдыру пункттері төңірегінде — аталған объектілер аумақтарының шекарасынан барлық жаққа 100 метрге кейін қалатын, түйіпталған сызықпен шектелген жер учаскесі түрінде орнатылады; 6. орманы жоқ учаскелерде елді-мекендерден тыс орналасқан жер асты кабельдік және әуе байланыс желісі мен радиофикация — жерасты кабель трассасы немесе шеткі аустық желілерінің сымдарының әрбір жағынан кемінде 2 метр қауіпсіздік зонасымен шектелген жер учаскесі түрінде белгіленетін осы желілері бойымен жер учаскелері түрінде. <p>ҚР ЕЖ 3.05-101-2013 «МАГИСТРАЛДЫҚ ҚҰБЫРЛАР» СӨЙКЕС 30-ДАН 150 МЕТРГЕ ДЕЙІН ЕН АЗ ҚАҢЫҚТЫҚ ШЕГІ БЕЛГІЛЕНЕДІ. ҚАҰНІСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МАҚСАТЫНДА ЕРЕЖЕЛЕР ЖИЫНТЫҒЫМЕН БЕЛГІЛЕНГЕН ЕН АЗ ҚАҢЫҚТЫҚ ШЕГІНДЕ МАГИСТРАЛДЫҚ ҚҰБЫРҒА ЖАТПАЙТЫН КЕЗ КЕЛГЕН ОБЪЕКТІЛЕРДІ САЛУҒА ТҮЙІМ САЛЫНАДЫ</p>	<p>ТҮЙІМ САЛЫНАДЫ:</p> <p>Құбырлардың күзетілетін аймақтарында құбырлардың қалыпты пайдаланылуына немесе олардың бұзылуына әсер ететін түрлі әрекеттерді жасауға тыйым салынады, соның ішінде:</p> <ul style="list-style-type: none"> - тану белгілерін, бақылау-өлшеу пункттерін ауыстыруға, уюге және сындыруға; - кабель желілерінің қызмет көрсететінін күшейту пункттерінің қақпақтарын, қақпақтарын және өсіктерін, желілік арматураның торап қоршауларын, қатодты және дренажды құрылыстарды ауыстыруға, қрандалар мен ысырмаларды ашып, жабуға, байланыс, энергиямен қамтамасыз ету және құбыр телемеханикасы құралдарын өшіруге; - түрлі қоныс орындарын жасауға, қышқылдар, тұздар мен сілтілердің ерітінділерін төуге; - жаға бекіту имараттарын, су өткізу құрылыстарын, құбырларды, байланыс желілерін бұзудың, ал жақын аумақ пен айналадағы жерді апаттық құбылу мен тасымалданатын өніммен қорғайтын жер және өзге имараттарды (құрылыстарды) бұзуға; - закірлерді суға тастауға, суға тасталған закірлермен, тізбектермен, сүйреткілермен және тракторлармен өтуге, терендетіп қазу мен жерге батыру жұмыстарын жүргізуге; - от жағуға немесе ашық немесе жабық от көздерін орналастыруға. <p>Магистралды мұнай құбырларының күзетілетін аймақтарында «КазТрансОйл» АҚ құрылымдық бөлімшелерінің жазбана рұқсатынсыз:</p> <ul style="list-style-type: none"> - «КазТрансОйл» АҚ-пен орналасу жерін, құрылыс жүргізу, жайластыру және пайдалану тәртібін келіспей магистралды құбырдың және оның күзетілетін аймағы трассасының өткелдерін, топырақ жолдары немесе өзге уақытша немесе тұрақты көлік қиыншытарын орналастыруға; - бақ өсіруге және ағаш өсіруге, сонымен қатар жарылатын тереңдігі отыз бес сантиметрден аспайтын қыр ауыл шаруашылық дақылдарды өсіруге бағытталған агротехникалық жұмыстардан басқа, «КазТрансОйл» АҚ-пен келіспеген кәнді да бір жұмыстарды орындауға; - магистралдық құбырларға қызмет көрсетуге және оның физикалық қорғанысын қамтамасыз етуге арналған «КазТрансОйл» АҚ-пен орналастырылған жолдарды қалпына келтіруге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген жағдайлардан басқа осы жолдар бойында магистралды құбырларға өткерге және күзет қызметтерін орындайтын қызметкерлердің қозғалысына кедергі жасауға; - кез келген құрылыс мен имараттарды салуға; - автомобиль көлік құралдарының, тракторлар мен механизмдердің тұрақтарын ұйымдастыруға; 	<ul style="list-style-type: none"> - мелiorативті жер жұмыстарын жүргізуге, жер суаратын және құрғататын жүйелерді салуға; - «КазТрансОйл» АҚ-пен келіспей тау, құрылыс, жинақтау және жарықтандыру жұмыстарын жүргізуге, топырақты күзетуге; - ұңғымалардың, шұрғаттардың құрылыстарымен және топырақ (жер қыртысының үлгілерін басқа) сынамаларын алумен байланысты геологиялық түсіру, геологиялық барлау, іздеу, геодинамикалық және басқа іздеу жұмыстарын жүргізуге тыйым салынады. <p>Қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында құрылыс нормаларымен және ережелерімен белгіленген минималды қалыңдықтарда құрылыс рұқсат алуға міндетті. Жұмыстарды жүргізуге рұқсат жұмыстарды жүргізетін адамда жұмыс істеп тұрған құбырлар көрсетілген жобалау құжаттамасы бар болған жағдайда ғана берілуі мүмкін.</p> <p>Кем дегенде 5 тәулік бұрын «КазТрансОйл» АҚ құрылымдық бөлімшесінің өкілі жемістерді жүргізу орнына шақыруға;</p> <ul style="list-style-type: none"> - құбырлардың және тану белгілерінің сақталуын қамтамасыз ететін ережелерді сақтап, жұмыстарды орындауға міндетті. - «КазТрансОйл» АҚ-ның құрылымдық бөлімшелері ҚР «Магистралдық құбыр туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының экологиялық кодексі, Қазақстан Республикасында телекоммуникация желілерін күзету ережелері, сондай-ақ «Құзетілетін аймақта жұмыстарды жүргізуге арналған рұқсат» көрсетілген талаптар бұзылып, орындалған жұмыстарды тоқтатып қоюға құқылы. ҚР «Магистралдық құбыр туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының экологиялық кодексі, Қазақстан Республикасында телекоммуникация желілерін күзету ережелері және ҚР ЕЖ 3.05-101-2013 «Магистралдық құбырлар» жергілікті билік пен басқару органдарымен, сондай-ақ басқа да кәсіпорындармен, ұйымдармен (меншік түріне қатыссыз) және құбырлар өтетін аумақта жұмыстар немесе қандайда бір әрекеттер жүргізетін азаматтармен орындау үшін міндетті болып табылады. Заң, Кодекс, Ережелер мен ҚР ҚЕ талаптарын бұзушылықтарға кінолі лауазымды тұлғалар мен азаматтар белгіленген тәртіпте жауапкершілікке тартылады. Жоғарыда айтылған барлық мәселелер бойынша мына мекенжайға хабарласу қажет:
<p>«КазТрансОйл» АҚ Жезқазған мұнай құбыры басқармасы, 100600, Жезқазған қ., Ескі әуежай аяу., Тел: 8 (7172) 55-52-55 — №5 техникалық учаскесінің БДБ диспетчері; 8(7102) 770-255 — «Құмкөл» БМАС ауысымының бастығы-кезекші; 8 (7102) 770-241 — Жезқазған МКБ бастығының қабилдау бөлмесі.</p>		

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады.

E-mail: smjarnama@mail.ru

«ТОРҒАЙ-ПЕТРОЛЕУМ» АҚ басшылығы мен ұжымы Компанияның ГЖҚ сатып алу бойынша конкурстарды ұйымдастыру жөніндегі маманы Кенжалиев Нурлан Кенжалыұлына аяулы анасы

Тасыбаева Дүйсенкүл Жұбандыққызының қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«ТОРҒАЙ-ПЕТРОЛЕУМ» АҚ басшылығы мен ұжымы Компанияның талап-арыз жұмысы бойынша 2-санатты заң кеңесшісі **Өбен Зиянұр Сәбитұлына** аяулы анасы

Ерекепова Сәбира Ибрагимқызының қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

///КЕШ

ҒАЖАЙЫП ДҮНИЕНІҢ СЫРЫН ЖАЙЫП...

Жалағаш ауданы Қ.Қазантаев атындағы мәдениет үйінде ұлағатты ұстаз, сыршыл ақын, Қазақ ССР Халық ағарту ісінің озық қызметкері, ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ы.Алтынсарин медалінің иегері Зайра Мамырованың 75 жас мерейтойына арналған «Аманат» атты шығармашылық көші өткізілді. Мерейтой иесін Жалағаш ауданы әкімінің орынбасары А.Нұрмағанбетов құттықтап, аудан әкімінің алғысын табыстап, сый-құрмет көрсетті.

Мамырова Зайра Қалиаскарқызы – Шығыс Қазақстан өңірінің тумасы. 1972 жылы Қарағанды мемлекеттік университетін бітіріп, Қызылорда облыстық телерадио хабарларын тарату компаниясында журналист, «Ленин жолы» газетінде корректор болып қызмет еткен. Ал 1978 жылдан бастап Жалағаш ауданы Бұқарбай батыр ауылындағы №33 орта мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ беріп, шәкірт тәрбиеледі. Олардың алды республикалық олимпиадалардан жүлделі орын алып жүретін. Бүгінде әрқайсысы өз саласының мықты маманына айналған. Сонымен қатар, мектептің жас мұғалімдері де білім берудегі шығармашылық ізденістерінде Зайра апайдан тәлім алып, тәжірибе жинақтайтын.

– Өз мамандығымызға деген адалдығымыз болар, бар зейінімізбен жұмысқа берілгенбіз. Үйде болғаннан, мектепте өтетін уақытымыз көбірек еді. Жасыратыны жоқ, отбасындағы кей шаруаларымыз кейінге қалып, орындалмай да жататын. Өйтсе де үміт артып, дайындалған шәкірттеріміз арқесі үздік шығып, биіктерден көрінген кезде сол қиындықтардың бәрін ұмытып, ерекше сезімге бөленетінбіз. Ұстаз бақыты дегеніміз бәлкім, осы шығар, – дейді Зайра апай.

Ол өзінің қырық жылға жуық ұстаздық жолында қазақ тілі мен әдебиетін тереңдетіп оқытудың бағдарламасын жасап, жас мұғалімдерге жан-жақты шығармашылық қолдау көрсетті. Сабақтарында халықтық педагогика элементтерін пайдалана отырып, шәкірттерін өз бетінше ізденіп, таным деңгейін арттыруға баулыды. Алаш зиялыларының идеясын ұғындырып, қазақ көркем әдебиетінің жауһарларын жасөспірімдер-



дің жадына сіңіре білді. Сондай-ақ шәкірттерінің әлем әдебиетімен танысып, білім көкжиегін кеңейтуіне күш салды. Осылайша ұстаздың өскелең ұрпақ бойына адами құндылықтар мен отаншылдық рухын дарытып, сол арқылы өз ісіне деген жауапкершілікке тәрбиелейтінін аңғаруға болады. Бұдан бөлек, жеке шығармашылығынан «Аманат», «Гибратты ғұмыр» кітаптары жарық көрді. Тағдыр табыстырған жолдасы Жасқалық Кенесевпен үш бала тәрбиелеп өсірді. Олардың алды Америкада, өзіміздің өңірде еңбек етіп жүр.

Ұлағатты ұстаздың мерейтойында осы жолда ізін басып, қатар жүріп еңбек еткен Рауаш Әлиқызы, Мария Орманова секілді білікті де бірегей ұстаздар ыстық ықыластарын білдірді. Сондай-ақ Зубайра Қорғанбекова, Жанар Шілдебаева, Жанар Жұбанова, Алматы Кенжебеков, Нұрғұл Мыханова сынды мұғалімдер ардақты ұстаздың абыройлы ізін жалғастырып келе жатқанын айтып өткеніміз жөн болар.

Иә, ұстаз үмітін ақтаған шәкірттері

еліміздің әр қиырында еңбек етіп жүр. Олардың бірі – Сыр журналистикасында жемісті еңбек етіп жүрген, «Ақмешіт апталығы» газетінің бас редакторы Гүлмира Ділдабекова.

– Зайра апайымыздың әрбір сабағына зор ынтамен қатысып, әдебиетке, шығармашылыққа деген құштарлығымыз арта түсетін. Өйткені апай өлең жазатын. Жүрегін шыққан жыр шумақтарымен санамызды селт еткізіп, әдептілікке, әдемілікке тәрбиелейтін. Бүгінде қолыма қалам алып, журналистика саласына келуіме ұстазымың ықпалы бар деп айтар едім, – дейді Г.Ділдабекова.

Рухани тағалымды кеште ақын шығармалары оқылып, сонымен қатар, оның сөзіне жазылған әндер орындалды. Аудандық білім бөлімі, әріптестері, шәкірттері ыстық ықыласын білдіріп, құрмет-қошемет көрсетті. Әдеби-сазды кешті ақын Қуат Ахетов, жыршы Бейсенбек Төлеуаев жүргізді.

Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

///ДӘСТҮР



ӘР ҮЙДЕ БІР «ОРЫС КЕЛІН» Сүлеймен де су құйған

Жақында қадірлі бір жерге қонаққа бардық. Амандасып болған соң «қолға орыс келін су құяды» деген сөз естілді. «Келінге су құйғызғаны несі...» деді ауылдан келген ағам. «Кәдімгі қолжұғыш қой» дедім мен күліп. Екеуіміздің сөзімізді естіп қалған үй иесі өз қонақтарының мысқылына қалдым ба деген болу керек: «Төрге өте беріңіздер, суды апарып құяды» деді.

Әдеттегідей, кең үстелге жасалған дастарқанға рет-ретімізбен жайғасып отырдық. Бір кезде төрті бөлмеге легенін бір жамбасына салбыратып, құман ұстаған жасы қырықтын шамасындағы жігіт кірді. Сірә, қолға су құю мәселесіне дайындықсыз келгені көрініп тұр. Үстелдің басындағы ақсақалға қарай ұмысына беріп еді: «Су – етекпен, бата – төрден» деген, төменнен, оң жақтан бастай бер» деді ол кісі де қарап отырмай. Содан құманды «болды, болды» дегенше сарылдапты, ұмытып кеткен сүлгісін айқайлап алдырып, құйып шықты, айтуейр.

Аз уақыттан соң ағаш табақпен бұрқыраған ет келді. Әжік-күжікпен бас мүжіліп, ет желініп, сорпа ішілді.

Табак алынған соң әлгі жігіт қайта кіріп, бағанағы етек жақтан су құймаққа онтайлана берген. «Су құюды бата берген кісіден бастау керек» деп бұл жолы қасқамандай ағам тағы да қыстырылды.

«Қонақ аз отырып, көп сынайды» деген, үй иесінің құрметінен қазақтың дәстүрін биік қойған ағам іштей риза болып қалдым.

Шынында, ата дәстүріміз қымбат құндылығымыз ғой. Бұрын қалай еді?

Негізгі қонақтың қолына су құю – баланың жұмысы. Өйткені, бұл дәстүрдің бірінші жағы – баланы қонақты сыйлап, қызмет қылуға үйрету, екінші жағы – үлкеннің батасын алу.

Бағғыда үйте қонақ келсе, бала біткен қолға су құюға ұластатынбыз. Бір қолыма леген ұстап, екінші қолыма құманымды алып, оң ығыма таза сүлгіні іліп, талай қонаққа су құйғанның бірі өзім едім. Су құюдың да әдеп, тәртібі бар. Үйдегілер: «Бір қолыңмен құманның шүмегінен ұстап, сарылдатпай суды үзіп-үзіп үш рет құй. Төртінші мәрте қонақтың өзі сұраса ғана құясың» деп қырағаттап қоятын. Оның себебі құманды үзбей сарылдапты құю жаман ырым саналады. Себебі, қайтқан кісінің денесін жуындырып, мейрам суын құйған кезде ғана ожаудағы суды таусылғанша үзбей құятын салт бар. Сондықтан қолға су құюды мәйітті жуындыру салтына ұқсатып жібермеу керек.

Дәуіт пайғамбар отыз ұлынан айырылған соң, Алла қайғыдан қан жұтқан пайғамбарды жұбатып, оған тағы бір ұл береді. Сол кезде Дәуіттің періште уахи әкеледі.

– Дәуіт, Алла саған бір ұл береді. Бірақ ол баланың қызығын тоғыз жыл ғана көресің. Алла ісіне ризасыз ба? – дейді.

– Алла ұлық, ризамын, – деп Дәуіт көзіне жас алады.

Содан Сүлеймен өмірге келеді.

Дәуіттің сарайы күн сайын қонақтан арылмайды екен. Сүлеймен бес-алты жасынан сол қонақтардың қолына су құйып, алғыс-батасын алады. «Ғұмырлы бол», «патша бол», «екі дүниенің сырын біл», «басыннан бақ кетпесің» – осы сөздерді Сүлеймен күніне естіп өсе береді. Жасы тоғыздан асып, он беске толады. Дәуіт дұға жасап, Жәбірейілмен тілдеседі.

– Алла ұлыма тоғыз жыл ғана өмір берді деген едің, бұл не хикмет? – деп сұрайды.

– Сенің үйіңе келген жақсылар балана күн сайын Алланың тоқсан тоғыз есімін айтып, алғыс жаудырды, ақ батасын берді. Алланың бір аты – Халық. Рабым халық тілегін қашан да қабыл етуші. Сол тілектерге сай Алла бүгіннен бастап Сүлейменге адам баласында болмаған қасиеттер дарытып, оған ғаламың тілін түсінетін даналық пен патшалық берді, – дейді Жәбірейіл.

Бұл айтылып отырған әпсаналар қасиетті кітаптарда келтірілген. Шын мәнінде, Сүлеймен патшаның Инжілде «Исаның ұстазы болуға лайық» деп дәріптеген.

Адам өзінің көзі жетпеген нәрсені өтірік дей салады, баяғы бір апамыздың «Құдайдан ойбайым тиыш» дегені сияқты. Осы замандағының біразы Сүлейменнің аң-құстармен еркін сөйлескенін ертегі деп есептейді. Кім айтты сізге, аң-құстар сөйлеспейді деп?

Кез келген аң да, құс та түсініседі. Құстар жемтік тапқанда үйірін шақыру үшін бір бөлек дыбыс, ол жердің арақашықтығын түсіндіру үшін басқа бір дыбыс шығарады екен. Ал қауіп төнсе, төрт-бес дыбыс белгісімен хабар береді-міс. Иттердің «сөз қорында» 19 дыбыс болса, ит-құстардың ішіндегі «мылжыны» түлкі болып шықты. Одан 30 дыбыс белгісі байқалған. Өйткені, ол – қу, құлар өтірікші болады, өтірікті дәлелдеуге көп сөз керек қой.

Мына бір дерекке зер сала кетіңіз. Қазір шетел ғалымдары егінді жайлап кететін зиянкестерді «өз тілдерінде» шақырып, бір жерге жинап алатын әдісті табуға жақынбыз деседі. Сонда оларды қырып салу оңай.

Бірді айтып, бірге кеттік-ау. Сүлеймен пайғамбар аң-құстардың аузындағы дыбыстардың бәрін жатқа біліп, оларға сол дыбыспен жауап қатқан дегенді дәлелдей алсам, негізгі әңгіме қолға су құю жайына келейін. Осыған орай қазақ «Сүлеймен де су құйған» деген сөз бар. Ал «Су несі – Сүлеймен» дейтініміз, бұл патша Құдай берген құдіретпен судың да тілін білген және қазіргі шлюздер арқылы реттелетін су ағысын басқа арқаға сөзбен бұрған.

Мен енді сөзді бұра бермей, тоқтайын. Айтпағым, қонақ келгенде «орыс келін» орнын босатысың, қазақ баласының өз міндетін қайтып алғаны абзал. Өйткені, су құю дәстүрі біздің атамыздан қалған мирас еді.

Дүйсенбек АЯШҰЛЫ,
«Сыр бойы»

///ӨНЕР

«ПЕДУЧИЛИЩЕНІҢ ҚЫЗЫ» САХНАҒА ШЫҚТЫ

Жақында М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі жанынан құрылған «Ассорти» студенттер театры драматург, жазушы Сұлтанәлі Балғабәевтың «Педучилищенің қызы» шығармасының желісімен осы аттас мюзиклді сахналады.

Н.Бекежанов атындағы облыстық академиялық музыкалық-драма театры сахнасындағы қойылымға ХХ ғасырдың 60-70 жылдарындағы жастар арасындағы мөлдір махаббат негіз болған. Сол уақыттағы педучилищенің тыныс-тіршілігі, халықтың әлеуметтік ахуалы көрсетілген. Мюзикл көрерменін алуан түрлі сезімге бөлеп, көпшілікті жастық шақтың естеліктерімен қауыштырды.

Аэропорттағы екеудің кездейсоқ диалогінен басталған сюжет күршіктігі жастар жиынына ұласып, күлдіре отырып мұңайтып, кездесу мен қоштасу сәттерінің маңызын көркем жеткізген тұстарда көмейге тас тығылғандай көңілсіз күйге де түсірді. Сахна шымылдығы түрілгеннен бір деммен тамашалаған көрермендер мюзиклдің соңғы сәттерінде өнерпаздар өнеріне ұзақ қол шапалақтады.

Туындының авторы Сұлтанәлі Балғабәев «менің жазған прозалық шығармаларым – негізінен туып-өскен Сыр бойы мен Сарысуға көрген-білгендерім туралы. Солардың бірі – «Педучилищенің қызы» дейтін әңгіме.

Бұл әңгіменің жазылуында өзінше тарих бар. Сонау 1963 жылдың күзінде мектептің 11-сыныбында оқып жүрген бізді Қызылорда қаласының іргесіндегі Абай совхозына күрші жинауға алып барған еді. Ол жерде М.Мәметова атындағы педучилищенің қыздары да болды. Сөйтіп біраз уақытымыз көңілді, қызықты



өтті. Мен кейін жазушы болғанда осы қызықты күндер туралы «Педучилищенің қызы» дейтін әңгіме жаздым. Ол әңгіме кітаптарымда әлденеше рет жарияланды.

Енді осы әңгімені кәзіргі Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің «Ассорти» атты студенттер театры драматургиялық шығарма етіп, сахнаға дайындапты. Мен үшін бұл күтпеген жаңалық болды. Жасыратыны жоқ, бұл әңгімеді пьесаға айналдырсам дегенді бір кезде өзім де ойлаған едім, бірақ реті келмеген. Енді сол ойымды жаңа толқын – жастардың жүзеге асырғанына ерекше қуандым. Спектакльдің афишасынан баяғы бозбала кездегі өзім мен сол кез-

дегі қыздарды қайтадан көргендей көңілім толқиды. Осыған орай, арнайы студенттер театрын ашқан педагогикалық колледж ұжымына, театрдың көркемдік жетекшісі Сағадат Шапағат пен қоюшы режиссер Өмірзақ Дидарға және қойылымды дайындауға қатысқан басқа да шығармашылық қызметкерлер мен актерлерге шексіз ризашылығымызды білдіремін» деп лебізін жазыпты.

Өнердің көркем әлемінде көрнекі дүние жасауға ұмтылған жастарға сәттілік тілейміз.

«СБ» ақпарат

www.facebook.com/syrboyi_kz/

Меншік иесі
СЫР МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОРДЫҢ МІНДЕТІН АТҚАРУШЫ
Марат АРАЛБАЕВ

қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР

Қуат ШАРАБИДИНОВ

қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:

руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)

экономика – 40-11-10 (1038, 1033)

әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)

жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)

есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38

компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10

(1036, 1035)

https://twitter.com/syrboyi

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті

ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)

«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

«АҚ» - ақылы қызмет.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

www.instagram.com/syrboyi_kz

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.